



БҰЙРЫҚ

24» 09 2024 ж.
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 508 -ж/к
город Астана

Астана қаласы әкімдігінің
«ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі»
ШЖК МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
қарсы ішкі тақырыптық мониторинг жүргізу
қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы №22 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілсін.

2. Жүргізілген мониторинг нәтижесіне талдау жүргізу үшін осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

3. Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі аталған бағыттар бойынша жүргізілсін:

1) Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын бөлімшелерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қосымшаға сәйкес анықтау;

2) Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 2024 жылғы 25 қыркүйектен бастап 2024 жылғы 8 қазанға дейінгі кезең болып белгіленсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор



Б.Қ. Рысқалиев